


"Қос-қорған" жалпы орта мектебі Химия – биология пән бірлестігі отырыстарының жылдық жоспары

№	Күн тәртібіндегі мәселелер	Жауапты	Мерзімі
I отырысы			
1	2021-2022 оқу жылына талдау жасау	Н.С.Асетова Бірлестік мұғалімдері	31.08.2022 ж.
2	Бірлестік жетекшісі мен хатшысын сайлау		
3	2022-2023 оқу жылына сағат жүктемесін бөлу		
4	ҰБТ қорытындыларын талдау		
5	2022-2023 оқу жылында атқарылатын бірлестік жұмыстарын жоспарлау		
6	Жаңартылған бағдарлама бойынша жоспар жасауды талқылау		
II отырыс			
1	I тоқсан қорытындысы	Асетова Н.С Бірлестік мұғалімдері	2.11.2022 ж.
2	Тоқсандық БЖБ, ТЖБ қорытындысы бойынша сапалы оқыту нәтижесін талдау		
3	Мектепшілік және аудандық олимпиада нәтижелеріне талдау		
4	Химия Биология пән бірлестігінің апталық өткізу барысын қарастыру		
5	Әр түрлі мәселелер		
III отырыс			
1	I жартыжылдық қорытындысы	Асетова Н.С Бірлестік мұғалімдері	06.01.2023 ж.
2	II жартыжылдыққа дайындық жұмыстарына талқылау		
3	Оқушыларға пәндер бойынша аса көп үй тапсырмасын бермеу жолдарын іздестіру		
4	I жартыжылдық бойынша ҰБТ нәтижелерін қорытындылау		
5	Әр түрлі мәселелер		
IV отырыс			
1	III тоқсан қорытындысы	Н.С.Асетова Бірлестік мұғалімдері	30.03.2023 ж.
2	Көктемгі мерекелерге бірлестік мұғалімдердің ат салысуы		
3	Бірлестік декадасын өткізу		
4	Бірлестік декадасының нәтижелері бойынша озық педагогикалық іс-тәжірибелерді тарату		
5	Сабақтарда жаңартылған бағдарламаларды ауқымды пайдалану жолдарын талқылау		
V отырыс			
1	2022-2023 оқу жылын қорытындылау	Н.С.Асетова Бірлестік мұғалімдері	30.05.2023 ж.
2	ҰБТ-ның қорытынды нәтижелеріне талдау жасау		
3	Сыныптан-сыныпқа көшу және мемлекеттік емтихандарға дайындық жұмыстары		
4	Жазғы демалыс кезінде атқарылатын жұмыстар		
5	Әр түрлі мәселелер		

Бірлестік жетекшісі:  Н.С.Асетова

ХАТТАМА №1

Қатысқандар саны: 3
Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. 2022-2023 оқу жылындағы жоспардың орындалуына сараптамалық талдау жасау. (жоспарға сай орындалмай калған жұмыстар мен жіберілген кемшіліктердің тізбесін анықтау).
2. 2022-2023 оқу жылының Әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру: оқу ісі менгерушісі: С.Ахмедова
3. 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары, 2022-2023 оқу жылындағы жоспарға сай орындалмай калған жұмыстар мен жіберілген кемшіліктерді ескере отырып (ендіру) әзірлеу, бекіту.
4. 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспарына сай, ӘБ мүшелерінің лауазымдық қызметтерін бөлісу, бекіту.

ӘБ жетекшісі : Н.С.Асетова

Тыңдалды:

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сөз алды. Н.С.Асетова өз сөзінде былтырғы оқу жылында атқарылған жұмыстарға талдау жасап өтті. Атап айтар болсақ, былтырғы оқу жылының басында жылдық жоспар жасалынып, сол жоспар бойынша іс-шаралар дер кезінде атқарылып отырды. Әр пән мұғалімдерінің сағат жүктемелері бекітіп берілді. Сол жүктеме бойынша жыл бойы сабақтар өтілді. Қосымша сыныптан тыс жұмыстар атқарылып, факультатив сабақтар жүргізілді. Бірлестіктің негізгі міндеті оқушылардың білім, біліктілігін жақсарту, бір-бірімізден іс-тәжірибе алмасу, оқыту әдістерін байыту, шығармашылық жұмыспен айналысу. Мектепшілік олимпиада ұйымдастырылып, оқ бойы озық шыққан оқушылар аймақтық олимпиадаларға қатыстырылып, жүлделі орындарға ие болды. Бір кемшін тұсымыз облыстық пән олимпиадасынан оқушыларымыз жүлделі орындарға ие бола алмады. Бұл әрине қынжылтарлық жағдай. Бірлестігіміздің мұғалімдері дарынды және мотивациясы төмен оқушыларды анықтап, олармен жасалатын жұмыстың жоспарын жасап, олармен дайындық жұмысын жүргізіп келеді. Оқушылар 100 пайыз оқулықпен қамтылған. Ұстаздарымыз сабақтарында жаңа технология элементтерін пайдаланып, оқушыларды сыни тұрғыда ойлауға машықтандырып келеді. Пән мұғалімдері арнайы компьютерлік курстардан өтіп, техникалық сауаттылықтарын арттырған. Онкүндіктер ұйымдастырылып, нәтижелері талқыланып отырылды. Алынған бақылау, тест және зертханалық жұмыстардың нәтижелері шығарылып, әкімшілік тарапынан бақыланып отырылды. Қашықтық сабақтар дер кезінде өткізіліп, бжб, тжб жұмыстары уақтылы алынды.
2. Екінші мәселе бойынша оқу ісі менгерушісі С.Ахмедова өз сөзінде осы жылғы әдістемелік нұсқаулықпен таныстырып өтті. Қазақстан Республикасы оқу ағарту министрінің 3 тамыз 2022 жылғы 348 бұйрық бойынша 5-9-сыныптар қазақ бөлімі 6 қосымша, 5-9-сыныптар өзбек бөлімі 8 қосымша, 10-11-сыныптар қазақ бөлімі 86 қосымша, 10+-11-сыныптар өзбек бөлімі 89 қосымша бойынша жұмыс жүргізілуін түсіндіріп өтті.
3. Үшінші мәселе бойынша 2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары бекітіліп, 2022-2023 оқу жылындағы жоспарға сай орындалмай калған жұмыстар мен жіберілген

н.С.Асетова, хатшысы Ш.Давлатова сайланды. Химия биология бірлестік жетекшісі

4. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша бірлестіктегі мұғалімдердің биылғы жылға арналған сағат жүктемелері мен күнтізбелік жоспарлары талқыланды.

Асетова.Н.С- 16 сағат

Асетова.Н.М 12 сағат

Давлатова.Ш-16 сағат

Пән мұғалімдері өздеріне берілген сабақтардың жылдық жоспарын түзіп, бекітілсін. Бірлестік мүшелерінің лауазымдық міндеттері бөлініп берілді.

Қаулы:

- 1.2022-2023 оқу жылындағы химия,биология пән бірлестігінің атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.2022-2023 оқу жылының жұмыс жоспары талданып, орындалмай қалған жұмыстар қайта қаралып, биылғы жоспарға енгізілсін және орындалуы қатаң түрде бақылауға алынсын.
- 3.2022-2023 оқу жылының мақсат міндеттерін нақтыланып, жылдық жоспар мен мұғалімдердің сағат жүктемелері бекітілсін.
4. Бірлестік мүшелерінің лауазымдық міндеттері бөлініп, бекітілсін. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалып, жауапкершілікті дұрыс сезіну қолға алынсын.

Бірлестік жетекшісі:

Асет

Асетова.Н.С

Хатшы:

Шоф

Давлатова.Ш

ХАТТАМА №2

Қатысқандар саны: 3
Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан қорытындысы бойынша есеп беру.
2. Тоқсандық БЖБ, ТЖБ қорытындысы бойынша сапалы оқыту нәтижесін талдау.
3. Аудандық мұғалімдер олимпиада нәтижелеріне талдау
4. Химия Биология пән бірлестігінің апталық өткізу барысын қарастыру.
5. «Оқытудағы қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жоспарлау»
6. Әр түрлі мәселелер

Тыңдалды:

ӘБ жетекшісі

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі сөз алды. Н.С.Асетова өз сөзінде I тоқсан қорытындысына талдау жасап өтті. Күнтізбелік жоспарлар,элективті курс жоспарлары,олқылықты жою жоспары дер кезінде бекітіліп,талапқа сай жұмыс орындалды.
2. БЖБ,ТЖБ алу кестесі құрастылып,пән мұғалімдері бөлім және тоқсандық жиынтық бақылауларды спецификацияға сай құрастырып,оқушы білімін бағалады. ТЖБ дан соң модерация жүргізіліп,бағаның дұрыс қойылғандығы сараптама жасалынды.
3. Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша химия биология пәнінен аудандық мұғалімдер олимпиадасы болып өтті.Олимпиадаға химия пәні мұғалімі Асетова Н.М, биология пәні мұғалімі Н.С.Асетова екінші орынға ие болып келді
4. 2022-2023 оқу жылында Химия Биология пән бірлестігінің апталығын наурыз айында өткізу туралы жоспарын құрастыруды ақылдасты.Оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру үшін, жоғары деңгейде пән апталығын өту керек.Апталық барысында үлгілі сабақ,сайыс сабақ,әр үлкен қонырауда викториналық ойындар ойнату, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру
5. Директордың оқу ісіндегі орынбасары С.Ахмедова апай «Оқытудағы қалыптастырушы және жиынтық бағалауды жоспарлау»туралы айтып өтті. Бағалау білім беру мазмұнының құрамдас бөлігі болып табылады,бағдарлама мақсаттары мен күтілетін нәтижелермен тікелей байланысты болып келеді. Ол мақсаттардың айқындығын қамтамасыз ете отыра, бағалау түрлерінің (қалыптастырушы және жиынтық) және бағалау рәсімінің оқу бағдарламасына сәйкестігін анықтайды. Бағалау қолжетімді, анық және ашық түрде болуы керектігі туралы айтты. Ол қажетті ақпаратты уақытында беріп отыруға мүмкіндік тудырады, оқушылардың өзін өзі реттеу тәртібін дамытып, үдеріске қатысушылардың жауапкершілігін арттыруда маңызы зор екендігін айтты.
6. Қабілеті жоғары және төмен оқушылардың жоспары жасалынып,резерв оқушылар тізімі алынып,пәндік олимпиадаға дайындық жасау керектігі ескертілді.

Қаулы:

- 1.2022-2023 оқу жылындағы Химия Биология пән бірлестігінің атқарылған жұмыстары қанағаттанарлық деп танылсын.
- 2.БЖБ,ТЖБ жұмыстары сапалы жасалынып,дер кезінде орындатылсын
3. 2022-2023 оқу жылында өтетін Химия Биология пән бірлестігінің апталығының жоспары құрастырылсын, мақсат міндеттерін нақтылансын
4. Берілген тапсырмалар дер кезінде орындалып, жауапкершілікті дұрыс сезіну қолға алынсын.
5. Әр сабақта оқушыларға тиімді қалыптастырушы бағалау тапсырмалары берілсін

Бірлестік жетекшісі:

Хатшы:

Н.С.Асетова
Ш.Давлатова

ХАТТАМА №2

Қатысқандар саны: 3
Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. I жарты жылдыққа қорытынды жасау.
2. Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы.
3. Аудандық пән олимпиадасына дайындықтың барысы.
4. Мектепшілік іс-шараларға қатысу Билим лент ,модерациялық хаттаманың жүргізілуі
5. ҰБТ –ға дайындық барысы

Тыңдалды:

ӘБ жетекшісі

1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша 6 қаңтар күні мектепте 2023 оқу жылының II тоқсан қорытындысы бойынша бірлестік жетекшісі Н.С.Асетова талдау жасап өтті. I жарты жылдыққа жалпы қорытынды жасай келе ,тоқсан соңында оқу үлгерімі биология бойынша білім сапасы-56% , үлгерімі-100% ,орташа бал-3,8 болса , химия пәні бойынша білім сапасы-54% , үлгерімі-100% ,орташа бал-3,7 болғанын айтты.
2. Екінші мәселе жөнінде Н.М.Асетова сөз алды.Ол өз сөзінде 2022-2023 оқу жылы барысында 5-6 сыныптар арасында жаратылыстану пәні бойынша мектепте мектепшілік пән олимпиадасы өткізіліп мектебіміздің 6 б сынып оқушысы Абдимоминова Шахзада қатысып,аудандық пән олимпиадасына ұсынылды .Бұл оқушымыз аудандық жаратылыстану пән олимпиадасына барып қатысып келді ,бірақ орынға ие болғаны жоқ.
3. Үшінші мәселе бойынша Н.С.Асетова аудандық пән олимпиадасына дайындықтың барысы жайлы сөз қозғады.Оқушыларға пән мұғалімдері ерекше дайындау керектігін айтып өтті.Өйткені олимпиада барысында күрделі сұрақтар мен тапсырмалар келетінін , оқушыларда қобалжу,нәтижесі қалай болады деген қорқыныш болады, сондықтан нәтижелі жұмыс жасауымыз қажеттігін ескертті.
4. Төртінші мәселе бойынша Н.С.Асетова сөз алды .Химия биология бірлестігіндегі мұғалімдер мектепте өтетін барлық қоғамдық жұмыстар мен кезекшілікке ,іс шараларға уақытылы ,белсене әрі түгел қатысу қажеттігін ескертті.Сонымен қатар 4 тоқсан созылуына байланысты күнтізбелік тақырыптық жоспарларды екінші жарты жылдыққа жаңадан бекітуіміз қажеттігі,Билим лент журналын уақытылы толтырып,әр тоқсан соңында тоқсандық жиынтық бағалау нәтижесінде модерациялық жұмыстарды әр пән мұғалімі уақытылы жасап отыру қажеттігін айтып өтті.Осы тапсырмалар уақытылы орындалмаса мектеп басшылығы қағаз жүзінде АКТ түзіп ,ескерту беретінін баяндады.
5. Бесінші мәселе бойынша Давлатова Шохиста мен Н.М.Асетова сөзге шықты : ҰБТ-ға дайындық барысы жүйелі түрде жүргізіліп жатыр.11-сынып оқушыларынан пән бойынша сұрақтар ,тест жұмыстары алынып жатқаны жайлы айтып өттіТест нәтижесі дер кезінде жарияланып кемшіліктерді жою жұмыстары жүргізілді.

Қаулы:

1. I жарты жылдыққа жасаған қорытынды қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Мектепшілік пән олимпиадасының қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын
3. Аудандық пән олимпиадасына дайындықтың барысы күшейтілсін
4. Мектепшілік іс-шараларға қатысу жолға қойылсын, Билим лент журналы уақытылы жүргізіліп, тоқсандық жиынтық жұмыстар бойынша модерациялық жұмыстар жасалсын..
5. ҰБТ –ға дайындық барысықанағаттанарлық деп табылсын.

Бірлестік жетекшісі:

Хатшы:



Н.С.Асетова
Ш.Давлатова

ХАТТАМА №4

Қатысқандар саны: 3
Қатыспағандар саны: жоқ

Күн тәртібінде:

1. III тоқсанға қорытынды жасау.
2. ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындық барысы
3. Бірлестіктегі озық педагогикалық іс –тәжірибелерді тарату
4. Әр түрлі мәселелер

ӘБ жетекшісі

Тыңдалды:


1. Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бірлестік жетекшісі Н.С.Асетова сөзге шықты. III тоқсан қорытындысына талдау жасап өтті. тоқсан соңында оқу үлгерімі биология бойынша білім сапасы-61% , үлгерімі-100% , орташа бал-3,8 болса , химия пәні бойынша білім сапасы-60% , үлгерімі-100% , орташа бал-3,8 болғанын айтты.
2. Екінші мәселе бойынша Н.М.Асетова мен Ш.Давлатова сөзге шықты. ББЖМ мен ҰБТ-ға дайынды жұмыстары жүргізілуде, жоспарлары бекітірілген. Оқушылардан тест жұмыстары, химия биологиядан есептер шығару , PISA тапсырмалары бойынша жұмыстар атқарылуда. .
3. Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша сөзге Н.С.Асетова сөзге шығып , озық педагогикалық іс –тәжірибелерді тарату туралы айтып өтті. Бірінші мектепшілік кейін аудан көлемінде болуы керектігін атап өтті . Ш.Давлатованың сабағын ұсынылды. Төртінші тоқсанда химия биология пәндерінің онкүндігі болатыны туралы айтып өтілді. Сабақтар, бірлестіктің құжаттары мектеп әкімшілігі тарапынан тексерілетініде атап өтілді. Сабақтарда АКТ дан , Билим лент платформаларынан пайдалану туралы айтылды.

Қаулы:

1. III тоқсанға жасаған қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын
2. ББЖМ мен ҰБТ-ға дайындық барысы күшейтілсін
3. Бірлестіктегі озық педагогикалық іс –тәжірибелерді тарату жүйеге қойылсын

Бірлестік жетекшісі:

Хатшы:



Н.С.Асетова
Ш.Давлатова

29.05.2023
Қатысқандар саны-4
Қатыспағаны-жөк

ХАТТАМА №5

Күн тәртібінде:

1. Жылдық білім сапасының көрсеткіші.
2. Элективті курс сабақтарының жүргізілуі және олардың оқушының білім деңгейіне ықпалы.
3. 2022-2023 оқу жылының жаздық мектепке арналған жұмыс жоспары
4. Әр түрлі мәселелер

Шешімдерінің орындалуы:

III тоқсан қорытындысының негізінде IV тоқсанның көрсеткіштерін көтермелеуге ықтимал жасалды. Жоспарланып жатқан жылдық қорытынды бақылау жұмысына дайындық жүргізіліп, өз нәтижелерін көрсетті.

Сөйлегендер:

1 сұрақ оқу ісінің меңгерушісі С. Ахмедова жылдық қорытынды жасады. Әр тоқсан сайын әр сыныптың білім сапасына талдау жүргізілді. Білім сапасында тұрақсыздық бар сыныптардың себептері анықталып, мұғалімдерден жазбаша түрде есептері алынды. Жалпы жаратылыстану пәндері бойынша әр тоқсанда білім сапасы 2 пайыздан 4 пайызға дейін өсіп отырды, төмендеу болған жоқ. Бұл жүйелі нәтижеге бағытталған жұмыстың арқасында деп есептелді.

2 сұрақ биылғы оқу жылында әдістемелік бірлестікте жасалған жұмыстар бойынша есепті бірлестік жетекшісі Н.С. Асетова берді. 2022-2023 оқу жылында жаратылыстану бірлестігінің жоспары бойынша барлық іс шаралар өткізілді. Бірлестік пән апталығы уақытылы өтті. Бірлестік мүшелері жыл бойына өз білімдерін жетілдіру мақсатында білім көтеру курстарынан өтті. Аттестатталуға өтініш берген барлық мұғалімдер аттестациядан өтіп, жақсы нәтиже көрсетті. Барлық аудандық, облыстық, республикалық сайыстардан жүлделі орындармен алды. Сонымен қатар, соңғы 3 жылдың білім көрсеткіштерін салыстыратын болсақ, биылғы жылы білім сапасы 2,6 пайызға жоғарлаған. Мұның себебі оқу мотивациясы төмен оқушылармен жасалатын жұмыс түрлері жүйелі жүргізілді, жас мамандарға көмек беру өз деңгейінде болуы деп есептейміз.

3 сұрақ оқу ісінің меңгерушісі мектеп директорының 2023 жылғы 11 мамырдағы №43 «2022-2023 оқу жылын аяқтау және орта білім беру ұйымдарының білім алушыларын қорытынды аттестаттаудан өткізу туралы» бұйрығы негізінде білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдердің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқыту үшін 2023 жылғы 19 маусымға дейін «Жазғы мектеп» жұмысын ұйымдастыру қолға алынды.

Шешім:

1. Келер оқу жылында білім сапасының төмендеуіне әсер етуші оқушылар басты назарға алынсын;
2. Пәннің білім сапасын төменгі көрсеткіштен жоғары көрсеткішке жетелеу жұмыстарын әр пән мұғалімі ұйымдастырсын
3. Аудандық сайыстар мен олимпиадаларға қатысушы оқушылардың құрылған резервімен жұмыс жүйелі түрде жүргізілсін.
4. Жазғы мектеп жұмысының жоспары бекітіліп, кестесі құрастырылып, сабақтар өз деңгейінде өтілсін.

Бірлестік жетекшісі: Н.С. Асетова

Хатшы: Ш. Давлатова